

**Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина
Университеті**

Кафедра: Ішкі аурулар пропедевтикасы

Факультет: Жалпы медицина

Студенттің өзіндік жұмысы

Тақырыбы: *Егулерден кейін болатын асқынулар
және оларды болдырмау үшін қауіпсіздік
ережелері*

**Тексерген: Танбағанбетова А.Ю
Тобы: 207 “Б”**

Ақтөбе, 2017 жыл

Анафилактический шок




Анафилактикалық шок

өте тез дамуы мүмкін, сондықтан уақытты жоғалтуға болмайды, жедел көмек көрсетіп, емделушіге аллергиялық реакциясының дамуы туралы дәрігерге жеткізу керек.

Анафилактикалық шоктың белгілері:

- терінің жалпы қызыруы;
- бөртпелер;
- жөтел ұстамасы;
- көрсетілген тынышсыздық;
- ентігу;
- құсу;
- артериялық қысымы төмендеу;
- жүрек соғуы.

Инфильтрат



Инфильтрат

Асқынудың белгілері: егу жасаған жерінің қатаюы, ауырсынуы.

Асқынудың себептері:

- ❖ Егу жасау техникасын сақтамағанда, (бұлшық етке қысқа инемен егуді жасағанда, өткір емес инелерді қолданғанда);
- ❖ Май ерітінділерді жылытпай енгізгенде;
- ❖ Бір жерге инъекцияларды көп жасағанда;
- ❖ Асқынудың алдын-алу: асқынуды тудыратын себептерді жою.
- ❖ Асқынуды емдеу: қыздыру компресі, инфильтрат болған жеріне жылытқышты қою

Абсцесс



Абсцесс (жұмсақ ұлпалардың іріңді қабынуы, қуыс пайда болып, оның ішіне ірін жиналады).


Асқындың белгілері: сол жері қызырыды, тығызданады, ауырсынады. Денесінің және қабынған жерінің қызуы көтеріледі.

Асқынудың себептері: инфильтрат туғызатын себептеріне ережелерді бұзған жағдайда жұмсақ ұлпаларына инфекция қосылу.

Асқынудың алдын-алу: инфильтратты және абсцессті туғызатын себептерді жою.

Асқынуды емдеу: хирургиялық жолмен.

Эмболия



майлы эмболиясы

Асқынудың белгілері: көк тамырға түскен май-эмбол қанымен бірге өкпенің таырларына түседі. Кенеттен тыныс тарылу ұстамасы басталады, цианоз. Осы асқину жиі өлімге әкеледі.

Асқынудың себептері: тері ішіне және бұлшық етке егу жасағанда иненің ұшы кездейсоқ тамыр ішіне түскенде немесе майлы ереітіндіні қателесіп көк тамырға енгізгенде.

Асқынуды емдеу: дәрігер нұсқауымен.

ауа эмболиясы

Асқынудың белгілері: белгілері май эмболиясына ұқсас, бірақ өте тез уақытта белгіленеді.

Асқынудың себептері: шприцтің ішіне ауа түскенде және оны ине арқылы тамыр ішіне жібергенде.

Асқынудың алдын-алу: егу жасаудың алдында шприцтің ішінен ауаны ұқыпты шығару.

Асқынуды емдеу: дәрігердің нұсқауымен.

Иненің сынуы

Асқынудың себептері: егу жасағанда инені канюлясына дейін енгізгенде, ескі инелермен қолданғанда, бұлшік еттері қатты жиырғанда пайда болады.

Асқынудың алдын-алу: инені толық енгізбей, терінің сыртыа шамамен 0,5-0,7 мм қалдыру. Ескі инелерді қолданбау. Егу жасаудың алдында психологиялық кеңесуді өткізу. Емделушіні жатқызып егуді жасау.

Асқынуды емдеу: иненің сынығын емделушіден шығарып алу, болмаса хирургиялық ем.



Тромбофлебит поверхностных вен



Тромбофлебит (тромб пайда болуымен тамырдың қабынуы)

Асқыну белгілері: тамырдың жүрісімен ауырсыну, қан кернеу (гиперемия) инфильтрат. Дененің қызуы көтерілуі мүмкін.

Асқынудың себептері: көк тамырдың бір жеріне жиі егу жасағанда, өткір емес инелерді қолданғанда.

Асқынудың алдын-алу: көк тамырға кезектеп егу жасау және өткір инелерді қолдану.

Асқынуды емдеу: дәрігер нұсқауымен.

Некроз

Асқынулардың белгілері : егу жасаған жерінде ауырсынудың көтерілуі , ісіну, қан кернеу (гиперемия), гиперемиямен бірге цианоз (көгеру), содан кейін күлбіреу , жаралар пайда болу.

Асқыну себептері: тері астына қателесіп қатты тітіркендіретін дәріні енгізгенде (мысалы, 10 % кальций хлоридін).

Асқынудың алдын-алу: егулерді енгізу жерлеріне ғана қатаң жіберу (10 % кальций хлориді ерітіндісін – тек қана көк тамырдың ішіне).

Асқынуды емдеу:

- 1) Егуді тоқтату;
- 2) Жіберген ерітіндіні шприцке барынша қайтадан сорып алу;
- 3) Егу жасаған жеріне 0,5 % новокаин ерітіндісін енгізуге болады, ол жіберген дәрінің концентрациясын азайтып, ауырсынуды басады;
- 4) Егу жасаған жеріне мұз ды мұйықты қою.

Некроз дистальних фаланг



Ескерту: 10% кальций хлориді ерітіндісін қателесіп тері астына жібергенде – резеңке бұрауды байламайды, ерітінді сол жерді қатты тітіркендіру әсерімен қауіпті.

Гематома

(тері астына қан құйылуы)

Белгілері: терінің астына қызару мен қан ұйылу пайда болады.

Себептері: көк тамырға егуді ұқыпсыз жасағанда, тамырдың екі қабырғасы тесіледі. Өткір емес инелерді пайдаланғанда.

Алдын-алу: көк тамырға егу жасаудың техникасын ұқыпты сақтау, өткір инелерді пайдалану.

Емдеу:

- 1) Егуді тоқтату (басқа тамырға жасау);
- 2) Тамырдың үстін спирттелген мақтамен қысып ұстау;
- 3) Гематома болған жеріне жартылай спирттелген компресс қою.



Липодистрофия

Белгілері: инсулин еккен жерлерінде май ұлпалардың сорылуынан тері астында шұңқыр пайда болады.

Себептері: инсулинді бір жеріне жиі еккенде.

Алдын-алу: егу жерлерін кезектеп ауыстыру.





Аллергиялық реакциялар

Белгілері: қышыну, бөртпелер, тұмау және т.б. Анафилактикалық шок.

Алдын-алу:

- 1) Бірінші инъекция жасар алдында емделуші мен дәлерге сезімталдығын сұрастырып анықтау.
- 2) Ауру тарихының бірінші бетінде қандай дәрілерді көтере алмайтыны туралы мәліметтер жазылуы мүмкін.
- 3) **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Антибиотиктерді бірінші рет егу алдында сезімталдығын анықтау үшін тері ішіне проба (сынама) жасау керек.



Емдеу:

- 1) Емделушіні жалғыз қалдырмау;
- 2) Дәрігерге дейін жедел көмек көрсету;
- 3) Дәрігерді шақыру.

Сепсис, ЖИТС, вирустік гепатит (бауырдың вирустік қабынуы)

Белгілері: ағзаның жалпы
аурулары алыстағы асқынулар.

Себептері: септика
ережелерін, залалсыздандыру
алдындағы және
залалсыздандырудың
ережелерін өрескел бұзғанда.

Алдын-алу: осы
асқынулардың себептерін жою.



Пайдаланылған әдебиеттер

- *Мұратбекова С.Қ. “Мейірбике ісінің негіздері” Астана ,2007*
- *Интернет желісі*